

Сахимова Акмоншак Куанышовна

"Теңге бөбекжай-бақшасы" тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Мектепке дейінгі мекеме балаларының ізгілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары

Балаларға ізгілік тәрбие беру үшін ізгілік тәрбиесі туралы жалпы түсіну - керек. Ізгілік тәрбиесі біртұтастық оқу тәрбиесінің негізі болып табылады. Ізгілік тәрбиесі мораль, этика, өнеге арқылы ғана айқындалады. Мораль – әлеуметтік шындықтың этикалық саналарын, ізеттілік, мейірбандық, әділеттік, мінезқұлық әдет ғұрып т. б бейнелерін қоғамдық сананың бір түрі. Этика – мораль туралы, оның шығуы мен дамуы туралы, адамның өмір сүру салтының аса мәнді жақтарының бірі болып табылатын ізгіліктің әртүрлі қоғамдық құрылыстағы сан алуан формалары мен нормалары туралы ілімдер жүйесі. Ізгілі, өнегеліктің өзі: өнегелік сана, идеал болып бөлінеді. Өнегелі немесе ізгілікті – сана адамның қарым – қатынасынан, оның эмоционалдық іс – әрекетінен, мінез құлқынан көрінеді. Өнегелілік баланың жас кезінен бастып, ата – ананың үлгісінен басталып, ағайын – туыстың, жора– жолдастың, ықпалымен, мектептік тікелей басшылығымен қатыптасады. Өнеге адамның бір – біріне, қоғамға деген міндеттері мен қарым –қатынастарын анықтағанда көрінетін, олардың тәлім – тәрбиелілігі, үлгілі, саналығы ережелердің жиынтығы. Өнегелік – сезімнен, ұяттан ардан басталады. Сезім ар – ұят бар адам адамгершілігін жоғалтпайды, қашанда өнегелі болуға тырысады. Өнегесіздікке жігерсіздік, еріксіздік, өзін – өзі ұстай алмайтын басқара алмайтын адам барады. Өнегелі сананы, мінез құлықты қалыптастыру үшін сезім, ар – ұят ерік, жігерден басқа өнегелі дағды керек. Адам өнегелікке дағдылану керек. Балаларды ізгілік тәрбие беру жолдары, ол «ізгілік міне құлық ережелері туралы», «жауапкершілік, адалдық», «мейірімділік, әділеттілік туралы», «коллектившілдік», «моральдық нормалар туралы», «Сыпайылылық», үйрету

әдістері.Ізгілік мінез құлық ережелері. Балалардың өздігінен іс істей бастауы қоғамдық пайдалы еңбектің барысында олардың басқа адамдармен байланыс шеңберінің кеңеюі – басқалармен жұмыста коллективте өзін қалай ұстау керектігі балаларда қажетті білім болуын барынша талап етеді.Қарым – қатынас тәрбиесін жинақтау процесінде балалар коллектив атынан басқаларға тапсырма және жарлық беруге , біріне– бірі , бағынуға , істелген іс жөнінде жолдастары алдында есеп беруге үйренеді. Бұл қатынастар ізгілік мінез құлқының белгілі ережелері арқылы реттеліп отырады. Балалар коллективінің өмірі соның негізінде құрылады.Мәселе – шығарғаны деп ұғынбай өздері жасаған қажетті ережелер деп түсінуінде. Бізді қоршаған өмірдің жағымды және жағымсыз фактілерін, оқығанын, көргенін, өздерінің өзара қарым қатынас тәжірбиесін негізге ала отырып, балалар өздігінен қорытындыға келеді. Тәрбиешінің көмегімен олар өздерінің қорытындыларын ереже түрінде тұжырымдайды. Коллективте қалыптасқан ережелерді орындау балалардың ізгілік міне құлқына баға берудің күштері болып табылады. Өз сөзіңе және сертіңе тұра біледі.

- бір адамға, бір топ жанға, ұжымға серт берместен бұрын сол сертті орындай аласың ба, соны ойла;
- серт беріп қойып, орындай алмайтыныңды артынан білсең ол жөнінде тура, ашық айт;
- егер өз сөздеріңде тұруға, өз сертіңді және саған жүктелген міндеттеріңді орындауға әлі үйрен алмасаң, істі кішкентайдан бастап бірақ міндетті түрде тындырып отыр. Адамға немқұрайлы қарама деп үйрету.
- біреуге өз көмегіңді ұсынудан ұялма, ең алдымен қиындыққа душар болғандарға, әлсіздерге, ауруларға көмектес;
- айналаңдағы адамдардың жұмыс істеуіне, дем алуына бөгет жасама
- әдепті, сыйлағыш бол, біреуге көңілсіз қарама, үлкендерге сый көрсет;
- біреудің пікірін, біреудің әдетін сыйлай біл, яғни басқа адамдарға төзімді бол. Басқалармен бірігіп оқуға, жұмыс істеуге және ойнауға үйрету.
- қандай да болмасын міндеттерге – ұнамды және ұнамсыз, жеңіл және ауыр,

қызықты және қызықсыз болсын, дәл және әркімнің мүмкіндігіне қарай бөле біл. Өзіңді ерекше артық санама;

- бірігіп істеген істе өз үлесіңді жақсы, тез және мерзімді орында, мойныңа алғаныңды ақырына дейін жеткіз, басқаларға көмектес;

- ұжымның жалпы шешімін, жұрт қабылдаған ережені сыйла, оларды адал орында; тапсырмаларын жан тәніңмен орында;

- қай жерге өзіңнің көмегің керек екенін өзің байқап басқаларға әдепті көмек көрсете біл;

- өзіңдікі дұрыс деп білсең, оны басқалаға дәлелде және шындықты қорға;

- жолдасың ағаттық жасаса оны тоқтат. Ойымызды қорытындылай келе, қазіргі балабақшадағы балалар арасындағы әдептілікті қазіргі қоғам дамуына, өзгерістеріне сәйкес тиімді деңгейге жеткізу үшін, ізгілік қасиеттерді балалардың бойына қалыптастыру. Балаларды ізгілік қарым – қатынас пен ізгілік тұрғыдан мінез құлық дағдыларға тәрбиелеу мақсатында атқаратын рөлі өте зор. Қазіргі кезде балаларды жақсылыққа тәрбиелеуде әлі де болса шешімін таппаған, күрделі арнаулы зерттеулерді қажет ететін ғылыми мәселелердің бірі, жас жеткіншектердің арасында ізгілік тұрғыдағы қатынасты, әдепті, мінез-құлық мәдениеттілікті қалыптастыру болып отыр. Осы мақсатта тәжірбие арқылы балабақшада жүргізілген әртүрлі тәрбие сабақтарда балалардың білімдерін тереңдетуде, ізгілік, әдептілік, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда, ізгілік қасиеттерді түсінуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Балабақшадағы балалардың ізгілік тәрбиелілігінің дамуы ойлау әрекетін дамыту, балалардың өзара қарым – қатынасын, жақсылыққа талпынуға және оны бағалауға, қайырымдылық бірін – бірі түсінушілік, қиын қыстау кезінде көмек көрсету, жақсылық жасау, көмектесуге үйрету тәрбиешілердің алдына қойылып отырған маңызды бір міндет екені белгілі. Сонымен қатар, балабақшадағы балалардың ізгілік дүние танымында дұрыс көзқарастың қалыптасуына, мәдени меңгеруіне, жалпы адамзатқа рухани құнды игіліктерді бағалай білуге үйретеді.